

Тарихтан тағылым - өткенге тағзым

Мұзбел ауылының кітапханасында 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай «Тарихтан тағылым - өткенге тағзым» атты дөңгелек үстел өтті. 9-сынып оқушысы Самет Есенбек Көбетей ауылының тумасы Махмет Темірұлы туралы өз жобасын қорғаған болатын, сол туралы қысқаша шолу жасады. Сонымен қатар дөңгелек үстелге ауылымыздың үлкен қарттары мен мекеме қызметкерлері, оқырмандар, оқушылар шақырылып, жазықсыз жазаланғандар туралы баяндамалар оқылды.

Шарада Мұзбел ауылы әкімі аппаратының бас маманы Айнұр Бекмағамбетова жазықсыз жазаланғандарды еске алды. Ауылымыздың

зейнеткерлерінің де әке-шешелері де осы жағдайда қатысқан болып шықты. Доценко В.А., Трафимова О.К., Киркэ. Т. өткенді еске алып, көздеріне жас алды. Қатысушылар өздерінің пікірлерін білдіріп, белсене қатысып отырды. Осы дөңгелек үстелге арнайы презентация мен бейнебаян ұсынылды. Ендігі парызымыз – бүгінде жетіп отырған құндылықтарымызды бағалай білу, оған жету жолында құрбан болған боздақтардың ерлігін ұмытпау.

Г.И. Бекеева
Мұзбел ауылының кітапханашысы